



Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 шілдеде № 11716 болып тіркелді.

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 12-1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 11.03.2016 № 194 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен соң ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрі

А. Сәрінжіпов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә.Ө. Исекешев

2015 жылғы 2 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы

_____ М.Ә. Құсайынов
2015 жылғы 30 маусым

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2015 жылғы 17 маусымдағы
№ 391 бұйрығымен бекітілген

Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 14.07.2021 № 339 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Р/с №	Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескертпе
1	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 604 бұйрық) бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
2	Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25 %; негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	

	бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі гимназиялар үшін кемінде 30 %.		
2-1	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 70 бұйрық) бекітілген нормаларға сәйкес оқу және көркем әдебиет кітапханалық қорының болуы.	Оқу және көркем әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша	
3	Денсаулық сақтау ұйымдарымен медициналық қызмет көрсетуге лицензия немесе шарт негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық қызмет көрсету туралы мәлімет, оның ішінде медициналық пункттің және медициналық қызметке берілген лицензияның болуы туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 3-ші қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	
4	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысының 16 бабының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілген (бұдан әрі – № 71 қаулы) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	
5	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № 71 қаулыға сәйкес бекітілген санитариялық нормаларға және Қазақстан Республикасы Ішкі істер	Пайдалы оқу алаңының, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару құқығын	

	<p>министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15501 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 439 бұйрық) бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.</p>	<p>растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының көшірмелері; санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің көшірмесі; өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің/хаттың көшірмесі.</p>	
6	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурыздағы № 79 бұйрығымен (бұдан әрі – № 79 бұйрық) бекітілген Білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы;</p> <p>- № 604 бұйрыққа және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 595 бұйрық) бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес оқу кабинеттерімен, спорт залдарымен жабдықталуы;</p> <p>- edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы;</p> <p>- № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың, жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы;</p> <p>– ғимаратта № 71 қаулыға сәйкес санитариялық нормаларға сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қолжуғыш раковиналар) болуы.</p>	<p>Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің болуы туралы мәліметтер, мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Интернет желісіне компьютерлік жабдықталуы жарактандыру талабы (пенитенциарлық мекемелерінде білім беру қолданылмайды. құрылған білім беру жеке пайдалануға жабдықталған болжамды жиһаз анықталады, жүк білім беру контингент бойынша)</p>

	Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 және Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 бұйрықтарымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18239 болып тіркелген) бекітілген бірлескен бұйрыққа (бұдан әрі – № 32 және № 49 бұйрықтар) сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.		
7	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 570 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8369 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 570 бұйрық) бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкестігі.	Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
7-1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен қайталау, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды қарама-қарсы бояумен бояу).	Жасалған жағдай туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
2. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
8	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және № 604 бұйрықпен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	

9	<p>Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы.</p> <p>Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін негізгі орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).</p>	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
9-1	№ 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.	Оқу және көркем әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
10	Медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарымен лицензия немесе шарт негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пунктiнiң және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптарына сәйкес емес атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).

		Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	
11	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № 71 қаулыға сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету шартының көшірмесі.	Біліктілік талаптарына сәйкес келетін атқару (пенитенциарлық мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).
12	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № 71 қаулымен бекітілген санитариялық нормаларға және № 439 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.	Пайдалы оқу алаңының, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының көшірмелері; санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің көшірмесі; өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің/хаттың көшірмесі.	
13	№ 79 бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; - № 604 және № 595 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы; - edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; - № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы;	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер, мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Интернет желісіне компьютерлік жабдықтармен жабдықталуы (пенитенциарлық мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).

	– ғимаратта № 71 қаулыға сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, кол жуғыштар) болуы. Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.		
14	№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкестігі.	Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптарының атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім мекемелерінің қолданылмайды).
14-1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен қайталау, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды қарама-қарсы бояумен бояу).	Жасалған жағдай туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптарының атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім мекемелерінің қолданылмайды).
3. Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
15	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және № 604 бұйрықпен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері.	
16	Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	

	зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).		
16-1	№ 70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.	Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	
17	Медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымдарымен лицензия немесе шарт негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы, оның ішінде медициналық пунктінің және медициналық қызметке лицензияның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымымен жасалған шарттың көшірмесі.	Біліктілік талап атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).
18	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе № 71 қаулыға сәйкес бекітілген білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы шарттың көшірмесі.	Біліктілік талап атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).

19	<p>Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе № 71 қаулымен бекітілген санитариялық нормаларға және № 439 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.</p>	<p>Пайдалы оқу алаңының, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратты жалдау шартының көшірмелері; санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының/актінің көшірмесі; өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің/хаттың көшірмесі.</p>	
20	<p>№ 79 бұйрықпен бекітілген білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін компьютерлік сыныптармен, Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы; - № 604 және № 595 бұйрықтарға сәйкес пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы; - edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; - № 70 бұйрықпен бекітілген жабдықтар мен жиһаздардың болуы; – ғимаратта № 71 қаулыға сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, кол жуғыштар) болуы. Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға сәйкес білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.</p>	<p>Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер, мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымдарының үй-жайларында және аумағында бейнекамералардың болуы (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Интернет желі компьютерлік жарақтандыру талабы (пенитенциарлық мекемелерінде білім беру қолданылмайды).</p>
21	<p>№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің</p>	<p>Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Біліктілік талаптарына сәйкес атқару (пенитенциарлық мекемелерінің орналасқан білім беруді қолданылмайды).</p>

	болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкестігі.		
21-1	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен қайталау, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды қарама-қарсы бояумен бояу).	Жасалған жағдай туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптары атқару (пенитенциарлық мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).
4. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
22	Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының № 604 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі; медициналық және фармацевтикалық мамандықтар үшін "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодекстің (бұдан әрі – Кодекс) 221-бабының 2-тармағына сәйкес Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарларына (бар болса), кәсіби стандартқа (бар болса) (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі. Білім беру саласында мамандар даярлау үшін: - дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының № 604 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, салалық біліктілік шеңберіне, "Педагог" кәсіби стандартына, № 604 бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын ескере отырып үлгілік оқу жоспарларына	№ 604 бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және (немесе) Кодекстің 221 бабының 2 тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарына (бар болса), салалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандартқа (бар болса) білім беру ұйымының жұмыс берушілермен келісілген тиісті мамандықтың "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген қазақ және орыс тілдерінде дайындалатын мамандықтар біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарының көшірмелері. Толық оқу кезеңіне әзірленген қазақ және орыс тілдеріндегі мамандық бойынша білім беру бағдарламасының көшірмелері және Діни қызмет саласындағы уәкілетті органның қорытынды хатының көшірмесі.	Оқу жоспары № 604 бұйрықпен бекітілген (немесе) Кодекстің 221 тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес біліктілік талаптары Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 305) бұйрығымен бекітілген эксперименттік жоспарлар асырылатын мамандықтар мәлімделген жағдайда (пенитенциарлық мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды).

	<p>(бар болса) (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі.</p> <p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісілген жалпы білім беру және діни пәндерді қамтитын білім беру бағдарламаларының болуы.</p>			
23	<p>Мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын, бітіру жылы ішінде білім беру саласындағы мамандығы бойынша бітірушілердің кемінде 90 %-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17564 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 500 бұйрық) бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген білім беру саласында мамандар даярлау үшін кемінде 5 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы № 500 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының және біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау үшін, бітіру жылы ішінде мамандық бойынша бітірушілердің кемінде 90 %-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, кемінде денсаулық сақтау саласындағы 4 мамандық бойынша</p>	Жұмыс орнынан құжаттың көшірмесі	растайтын	Біліктілік талап атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан ұйымдарында қо

	лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.		
24	Жаңадан ашылған білім беру ұйымын қоспағанда, колледждердің білім алушыларды соңғы 2 жыл үздіксіз қабылдауды жүзеге асыруы.		Біліктілік тал арнаулы оқу қолданылмайды.
25	<p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы, оның ішінде педагогтер білімінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкес болуы немесе білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтердің болуы, сондай-ақ бейіні бойынша соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен өндірістік оқыту шеберлерінің болуы.</p> <p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі даярланатын мамандық біліктілігі бойынша жұмыс біліктілігтерін қоспағанда педагогтердің жалпы санынан кемінде 70 %, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, мамандық бойынша педагогтердің жалпы санынан қолданбалы бакалавриат, магистратура деңгейі бар мейіргерлерден педагогтердің үлесі – кемінде 10 %.</p> <p>Жұмысшы біліктіліктерді дайындау үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің жалпы санынан дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.</p> <p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және</p>	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Өндірістік оқыту қатысты білім қылмыстық-атқарушы (пенитенциарлық мекемелерінің орналасқан білім және Қазақстан Қорғаныс ведомстволық білім беру ұйымдарын

	<p>мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50 %; даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.</p>		
26	<p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтер санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистрлердің үлесі – кемінде 30 %.</p> <p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер санынан ұйымдарда және/немесе өндірісте кемінде соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтерінің және өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі – кемінде 10 %.</p> <p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтер санынан рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша жоғары білімі бар, бейіндеуші пәндер бойынша - бейіні бойынша жоғары білімі бар және/немесе діни салада кемінде бес жыл жалпы жұмыс өтілі бар рухани семинарияны немесе медресені бітірген педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.</p>	<p>Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Өндірістік оқыту қатысты біліктілік қылмыстық-атқарушы (пенитенциарлық) мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды</p>
27	<p>№ 604 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, дайындалатын мамандық</p>	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p> <p>Цифрлық</p>	

	біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы. Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламаларына сәйкес дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиеті қорының болуы.	тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорының дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі.	
28	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.	Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талап атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.
29	№71 қаулыға сәйкес санитариялық талаптарға сәйкес келетін білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талап атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.
30	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, шеберханалардың, зертханалардың, өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы), оның ішінде № 71 қаулыға сәйкес бекітілген санитариялық тәртіпке және № 439 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін алаңы бар оқу үй-жайларының болуы. Кодекстің 24 бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарымен берілген қызметті немесе белгілі бір іс-қимылды жүзеге асырудың	Пайдалы оқу алаңының, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару құқығын растайтын құжаттардың немесе ғимаратқа жалдау шартының көшірмелері; өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті тексеру нәтижелері туралы актінің/хаттың көшірмесі.	Біліктілік талап атқару (пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.

	басталғандығы немесе тоқтатылғандығы туралы хабарламаның болуы.		
31	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 66 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13487 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 66 бұйрық) сәйкес студенттердің тұруы үшін жағдай жасау, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімді басқару немесе жалға алу құқығында оқудың толық кезеңінде тұруды қамтамасыз ететін жатақханалардың және/немесе хостелдердің және/немесе қонақ үйлердің болуы - мұқтаждар санынан кемінде 30 %.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Жатақхананың және/немесе хостелдің және/немесе қонақ үйдің болуын растайтын толық оқу кезеңіне жеке немесе шаруашылық жүргізу, немесе жедел басқару, немесе сенімді басқару құқығында тиесілі студенттерді орналастыруға арналған құжаттардың көшірмелері.	
32	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы.	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Біліктілік талаптарына сәйкес Республикасы Ұлт заңдар жиналысының органдарына, Республикасы прокуратурасына, Республикасы министрлігіне, Республикасы министрлігіне бағынысты білім қолданылмайды.
33	Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен, сондай-ақ № 79 бұйрыққа сәйкес интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, компьютерлермен жабдықталуы. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 423 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11644 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 423 бұйрық) бекітілген нормативтерге сәйкес	Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің әскери оқу орындары үшін жоғары оқу орындарымен бұйрықтардың және меморандумдардың көшірмелері.	Интернет желісіне компьютерлік жабдықтармен жабдықталуы туралы талаптары атқару(пенитенция мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.

	<p>симуляциялық кабинеттермен (орталықтармен) жабдықталуы.</p> <p>Қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары үшін әскери бөлімдердің және басқа да әскери оқу орындарының оқу-материалдық базасын пайдалану туралы ведомстволық бұйрықтың, әскери кафедралардың оқу-материалдық базасын бірлесіп пайдалану жөніндегі өзара іс-қимыл туралы жоғары оқу орындарымен меморандумдардың болуы.</p>		
34	<p>Тиісті бейін бойынша 5 жыл ішінде кемінде 180 сағат көлемінде педагогтердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының педагогтері үшін көлемі кемінде 108 сағат; білім беру ұйымдарының басшы кадрлары үшін "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес біліктілікті арттыру.</p>	<p>5 жыл ішінде тиісті бейін бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер көлемі кемінде 180 сағат; денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының педагогтері үшін көлемі кемінде 108 сағат; білім беру ұйымдарының басшылары үшін 5 жылда кемінде бір рет біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларына сәйкес және оқытылатын пәндердің/модульдердің бейіндері бойынша біліктілікті арттыру (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік Қазақстан Республикасының прокуратурасына Қазақстан Республикасының министрлігіне, Қазақстан Республикасының министрлігіне бағыныстағы білім үшін педагогтерді арттыру оқытатын бейініне немесе сәйкес өткізілетін талаптары жұмыс кейін бірінші жартыжүзеге асыратын қолданылмайды.</p>
35	<p>№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкестігі. Edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.</p>	<p>Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі туралы мәлімет (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).</p>	<p>Біліктілік талаптары және (немесе) қосымшаны алғашқы ұйымдарына қолданылатын Қазақстан Республикасының қауіпсіздік органдарының Қазақстан Республикасының прокуратурасына Қазақстан Республикасының министрлігіне, Қазақстан Республикасының министрлігіне бағынысты білім беру қолданылмайды.</p>
36	<p>Азаматтық заңнамаға сәйкес толық оқу кезеңін қамтитын даярланатын мамандық біліктілігі бойынша сәйкес практика базасы ретінде</p>	<p>Кәсіптік практикадан өтудің толық кезеңін қамтитын даярланатын мамандық біліктілігіне сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен</p>	<p>Біліктілік талаптары атқару (пенитенциялық мекемелерінің орналасқан білім беру және Қазақста</p>

	айқындалған шарттардың болуы.	ұйымдармен жасалған шарттардың көшірмелері. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары үшін жоғары оқу орындарымен бұйрықтардың және меморандумдардың көшірмелері.	Қорғаныс бағынысты білім қолданылмайды.
37	Мамандық бойынша білім беру ұйымының түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 75 %-дан кем емес болуы.	Жұмыс орнынан растайтын құжаттың көшірмесі.	Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ұлт ақпарат және қорғаныс органдарына, Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Республикасының Білім және ғылым министрлігіне, Республикасының Бас прокуратурасына бағынысты білім қолданылмайды.
5. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
38	Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының № 604 бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, медициналық және фармацевтикалық мамандықтар Кодекстің 221 бабының 2 тармағына сәйкес техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарларына (бар болса), кәсіби стандартқа (бар болса) (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі. Білім беру саласында мамандар даярлау үшін: - дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының № 604 бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, салалық біліктілік шеңберіне, "Педагог" кәсіби стандартына, № 604 бұйрықпен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын ескере отырып (қазақ және орыс тілдерінде)	№ 604 бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және (немесе) Кодекстің 221 бабының 2 тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, үлгілік оқу жоспарына (бар болса), салалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандартқа (бар болса) білім беру ұйымының жұмыс берушілермен келісілген тиісті мамандықтың "Педагог" кәсіби стандартына сәйкес оқытудың толық кезеңіне әзірленген қазақ және орыс тілдерінде дайындалатын мамандықтар біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарының көшірмелері. Толық оқу кезеңіне әзірленген қазақ және орыс тілдеріндегі мамандық бойынша білім беру бағдарламасының көшірмелері және Діни қызмет саласындағы уәкілетті органның қорытынды хатының көшірмесі.	Оқу жоспарының № 604 бұйрықпен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және (немесе) Кодекстің 221 бабының 2 тармағына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі біліктілік талаптары шарттар бойынша бекіткен эксперт іске асырыла қылмыстық-атқарушы (пенитенциарлық) мекемелерінің орналастырылған ұйымдарында ақпарат үшін және ерлерге қажеттіліктері оқыту үшін қолданылмайды.

	<p>үлгілік оқу жоспарларына (бар болса) сәйкестігі.</p> <p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісілген жалпы білім беру және діни пәндерді қамтитын білім беру бағдарламаларының болуы.</p>		
39	<p>Мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын, бітіру жылы ішінде мамандығы бойынша бітірушілердің кемінде 90 %-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, № 500 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген білім беру саласында мамандар даярлау үшін кемінде 5 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.</p> <p>№ 500 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының және біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау үшін, бітіру жылы ішінде мамандығы бойынша бітірушілердің кемінде 90 %-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, кемінде 4 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.</p>	Жұмыс орнынан растайтын құжаттың көшірмесі	
40	<p>Жаңадан ашылған білім беру ұйымын қоспағанда, колледждердің білім алушыларды соңғы 2 жыл үздіксіз қабылдауды жүзеге асыруы</p>		Біліктілік тал арнаулы оқу лицензия қолданылмайды

41	<p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы, оның ішінде педагогтер білімінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкес болуы немесе білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтердің болуы, сондай-ақ бейіні бойынша соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен өндірістік оқыту шеберлерінің болуы.</p> <p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан кемінде 70 %, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін мамандық бойынша педагогтердің жалпы санынан қолданбалы бакалавриат, бакалавриат, магистратура деңгейі бар мейіргерлерден педагогтердің үлесі – кемінде 10 %.</p> <p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.</p> <p>Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.</p>	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Өндірістік оқыту қатысты білім қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.
42	Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің және (немесе)	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	Өндірістік оқыту қатысты білім қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.

	<p>магистрлердің үлесі – кемінде 40 %;</p> <p>Ұйымдарда және/немесе өндірісте кемінде соңғы 3 жылда кемінде 72 сағат көлемінде тағылымдамадан өткен, негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан арнайы пәндер педагогтерінің үлесі – кемінде 10 %.</p> <p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша, жоғары білімі бар, бейінді пәндер бойынша - бейін бойынша жоғары білім және/немесе рухани семинарияны немесе медресені бітірген, діни салада кемінде бес жыл жалпы жұмыс өтілі бар даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан педагогтердің үлесі – кемінде 50 %. Магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі – кемінде 10 %.</p>		
43	<p>№ 604 бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.</p> <p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламаларына сәйкес дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиеті қорының болуы.</p>	<p>Оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). Цифрлық тасымалдағыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша). діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін діни қызмет саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның оқу әдебиеті қорының дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі.</p>	
44	<p>Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.</p>	<p>Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық</p>	<p>Біліктілік талаптарына сәйкес атқару (пенитенция)</p>

		пунктің және медициналық қызметке берілген лицензияның болуы туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).	мекемелерінің орналасқан білім қолданылмайды.
